

O'ŃTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 1 беті

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі**

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖББП 11

Пәні: Қазақ тілі мен әдебиеті

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер ісі»

Мамандығы: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 120/5

Теория: 120 с.

Курс: 1

Семестр: 2

Бақылау түрі: емтихан

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 2 беті

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушылар: А.А. Исабекова

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
 Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
 Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
 Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
 Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
 Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»
 Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «27» 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі:  А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.Т. Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.

Хаттама № 1 «28» 08 2024 ж.

Төрайымы:  Г.С. Рахманова

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 3 беті

Оқытушылар туралы мәлімет

№	Аты -жөні	Дәрежесі және лауазымы	Қызметі	Жүргізетін пәні	Эл. м/ж.
1	Исабекова Асия Амангелдіқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	asem.0.1@mail.ru
2	Ахбанбетова Урзада Ширинбекқызы	Педагогика ғылымының магистрі	Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	urzada@mail.ru
3	Сарымсақова Жанар Сапарбекқызы		Оқытушы	Қазақ тілі, қазақ әдебиеті, кәсіби қазақ тілі	janar – saparbek@mail.ru

3.1.Кіріспе

ҚР Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. Бұл оқу жылында қазақ тіліндегі әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-саяси, ғылыми-ізденімдік сипаттағы қызық ақпараттармен танысасың, ұғым-түсінігің байиды. Әр алуан тапсырмаларды орындау арылы өз ойыды, пікіріңді айту дағдыларды жетілдіресің, ұлы тұлғаларды өмірі мен шығармашылығынан тағылым аласың. Атап айтанда, «Ебек нарығы және сұраныс», «Отандық өнеркәсіп өнімі», «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті» тақырыптарында өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі мәселелерге байланысты ойыңды білдіруге үйренесің. «Ұлттық экологиялық мәдениет», «Мұхит — тіршілік мекені», «Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда» тақырыптары заманауи мәселелерге деген көзарасыңды қалыптастырады. «Бұқаралы апарат құралдарындағы гендерлік бейне» тақырыптары бойынша берілген оу материалдары сенің бойыңда елі, жері үшін жауапкершілік сезіміңді тәрбиелейді, отаншылдыққа баулиды.

3. 2. Пәннің саясаты:

- сабақтан себепсіз қалмау;
- білім алушылар өзіндік жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыру;
- сабаққа қажетті оқу-әдістемелік кешеннің электрондық нұсқасын алу;
- сабаққа медициналық терминдер сөздігімен келу;
- белгіленген сөздік минимумды өз мерзімінде жаттап алу;
- сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- сырт көрінісі мен киім үлгісіне тиянақты болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

Білім алушы сабақтан қалған және өтем қағазы арқылы өтемеген, сабақ үлгерімінің 50%-ын жинамаған жағдайда емтиханға жіберілмейді.

3.3.Пәннің мақсаты: Қазақ тілінде В1, В2 біліктілік деңгейіне сәйкес сөйлеу әрекетінің барлық түрлері бойынша коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру арқылы әлеуметтік, мәдениетаралық, кәсіби және қарым-қатынас құралы ретінде қазақ ұлттық мәдениеті тұрғысынан қазақ тілін сапалы меңгеруді қамтамасыз ету болып саналады.

1) рухани жаңғырудың жалпыұлттық идеясы шеңберінде студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған жалпы білім беру пәні;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11 –72
Силлабус		16 беттің 4 беті

2) болашақ маманның ұлттық сана мен мәдени код негізіндегі танымын қалыптастыра отырып, әлемдік деңгейдегі білімді меңгеруде тілдің дәнекер болып табылатынына көз жеткізу, еліміздің дамуы жолында еңбек ететін маманның мемлекеттік тілді жетік меңгеріп, ұлттық жаңғыруды қамтамасыз етуге қабілетті мамандарды даярлауда қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.

3.4. Оқыту міндеттері:

1. Білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;
2. Адамзаттық ойдағыдай кірігу үшін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;
4. Коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;
5. Қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізіндешығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлаудағдыларын дамыту;
6. Көпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;
7. Білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

Білімі мен түсінігі: Оқыту нәтижесінде білім алушы пән мақсатын және міндеттерін біле алатындығын көрсете алады. Болашақ маман кәсіби тілді өз кәсібінің шеңберінде науқаспен қарым-қатынас жасай алады және оған кеңес беріп, пікір білдіре алады. Жұртшылықпен тұрақты байланыс жасайтын кәсіби мамандардың сөз мәдениетін, кәсіпке қатысты лексика мен терминологияны меңгереді.

Білімі мен түсінігін қолдана білу: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсібіне қатысты қазақ тілі мен әдебиетінің ерекшеліктерін толымды түрде меңгеріп шығады, Жинақталған білімдер жүйесін тәжірибеде өту кезеңдерінде ұтымдылықпен пайдалана алады. Студенттер оқу барысында жинаған білімдерін алдағы кәсіби қызметінде, ғылыми-зерттеу жұмысында пайдаланады. Сөйлеу мәдениеті (сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс айту, дастарқан басында сөйлеу әдептілігі) өнер, мәдениет, әдебиет туралы айта білу, жиын, жиналыста сөйлей білу, ҚР халықаралық қарым-қатынасы туралы айтудағы ұлттық тіл ерекшеліктерін, өз мамандығына байланысты қазақша сөз тіркестерін қолдана алады.

Ой-пікірді қалыптастыру: Оқыту нәтижесінде білім алушы кәсіби сала бойынша мамандығы, сала мамандарының өмірбаяны туралы тұжырым жасай алады. Қазақтың ақын ғылым, жазушылар туралы ақпаратты жинап, олардың еңбектерінен тұжырым жасай алады.

Оқыту дағдылары немесе оқуға қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы ақпаратты жинақтап, оны керекті бағытта жан-жақты талқылай алады. Шығармашылық мәтіндерді меңгеруде қазақ тілінің әдіс тәсілдерін қолдануды, дамуына немесе тез тарауына әсер етуші факторларды зерттей келе, өз пікірін білдіреді.

Коммуникативтік қабілеттері: Оқыту нәтижесінде білім алушы қарастырылатын салада өз бетінше алынған білімдерін, өз пікірлерін жеткізе алады, ақпаратты талдау және тұжырымдай алу қабілеттерін көпшілік алдында көрсете алады. Арнаулы – қазақ әдебиеті тарихы бойынша құнды жәдігерлерді, ескерткіштерді жан-жақты терең меңгеру, оларға әдеби талдау жасауға дағдылану, тілдік, әдеби ерекшеліктерін сараптай алу дағдысын қалыптасады.

3.6 Реквизитке дейінгі: мектеп бағдарламасындағы қазақ тілі, қазақ әдебиеті.

3.7. Реквизиттен кейінгі: мамандығына қатысты салалық пәндер.

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 5 беті

Қазақ тіліндегі әлеуметтік –мәдени, әлеуметтік саяси , ғылыми ізденімдік сипаттағы қызық ақпараттармен таныстырылады. Атап айтқанда, Еңбек нарығы, «Кәсіпкерлік», Театр саласы, «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік», «Экология. Мұнай және атомдық индустрия», «Тіл. Өнер.Әдебиет» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған қоғамдағы әртүрлі мәселеге байланысты ойынды білдіруге үйренесің. Әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасын. Осы мақсатта Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Ыбырай Алтынсарин, Дулат Исабеков, Қабдеш Жұмаділов шығармашылығындағы Қазақтың ізгі дәстүрлерінен хабардар боласың. Белгілі шығармалардан үзінділер берілген.

3.9. Тақырыптық жоспары:

№	Сабақтың тақырыбы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Еңбек нарығы.Оңаша және ортақ тәуелдеу.	Еңбек нарығы және сұраныс. Еңбек нарығының экономиканы көтерудегі тиімділігі. Еңбек нарығының артықшылықтары. Еңбек нарығының жағымды, жағымсыз жақтары. Еңбек нарығының ерекшелігі. Оңаша және ортақ тәуелдеу туралы түсінік. Тәуелдік жалғаулары. Оңаша тәуелдеу мен ортақ тәуелдеу арасындағы айырмашылық.	3
2	Кәсіпкерлік – табыс көзі. Зат есім. Зат есімнің тәуелденуі.	Кәсіпкер – іскер маман. Кәсіпкерліктің негізгі мақсаты. Қазақстандағы кәсіпкерліктің дамуы. Кәсіп пен мамандық: айырмашылықтары мен ұқсастықтары.Кәсіпкерге қойылатын талаптар. Бизнес-жоспар. Зат есім туралы түсінік. Зат есім сұрақтары. Зат есімнің түрленуі. Зат есімнің тәуелденуі.	3
3	Әлеуметтік сұраныс және отандық өнім. Сөз тіркестері, сөз тіркестерінің жасалу жолдары.	Әлеуметтік сұраныс. Отандық өнімдер. Отандық өнімдерге деген сұраныс. Экологиялық таза тағамдар. Қазақстандық тауарларды брендке айналдыру. Сөз тіркестері туралы түсінік. Сөздердің байланысу тәсілдері. Сөздердің байланысу түрлері.Сөз тіркестерінің жасалу жолдары.	3
4	Балғабек Қыдырбекұлы – танымал жазушы. Стиль түрлері. Көркем әдебиет стилі.	Жазушы - Балғабек Қыдырбекұлы. Балғабек Қыдырбекұлының шығармашылығы. Индустрия саласына қатысты шығарма. Тарихи оқиға	3

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 6 беті

		туындысы. Стиль түрлері. Көркем әдебиет стилі. Публицистикалық стильге тән сөз орамдары. Стильдердің жазылу ерекшеліктері.	
5	Қазақ киносының атасы. Хабарландыру.	Ұлттық кино өнері. «Қазақфильм» киностудиясы. Қазақ киносының атасы – Шәкен Айманов. Кино майталманының қасиеттері мен еңбектері, сомдаған рөлдері. Хабарландыру жазып үйренеміз. Хабарландыру деректемесі, жазылу ерекшелігі.	3
6	Қазақстанның мәдени өмірі. Сөйлем түрлері. Сөздердің байланысу түрлері.	Қазақстанның мәдени өмірі. ХХ ғасырдың басындағы труппалар. Қазақстан театрлары. М.Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театры. Сөйлем түрлері. Сөйлем түрлерінің жасалуы, тыныс белгілері.	3
7	Дулат Исабеков «Әпке» шығармасы. Мінездеме	Драматург – Дулат Исабеков. Дулат Исабековтің «Әпке» шығармасы. Шығарма кейіпкерлері. Адамзаттық проблема. Мінездеме, мінездеме түрлері. Жақсы, жаман қасиеттер. Мінездеме деректемесі.	3
8	Ұлттық экология бастаулары. Сан есімнің жасалу жолдары.	Қазақстан экологиясы. Экология мен табиғат құбылыстары. «Табиғат ана». Ұлттық экология бастаулары. Экожүйені қорғау. Сан есімнің түрлері. Сан есімдердің жасалуы. Сан есімдердің сөйлемдегі қызметі.	3
9	Қадыр Мырза Әлі – философ ақын. «Аралым...». Түйіндеме.	Қадыр Мырза Әлі – Қазақстанның халық жазушысы. Қадыр Мырза Әлі ақынның өмір жолы мен шығармашылығы. Қадыр мырза Әлінің түйіндемесі. Ақын шығармаларының тақырыбы. «Қазақ осы» өлеңі. Түйіндеме. Түйіндеме деректемесі. Түйіндеме құрылымы.	3
10	Әбдіжәміл Нұрпейісов «Қан мен тер» романы. Жалқы есімдер.	Көрнекті жазушы - Әбдіжәміл Нұрпейісов. «Қан мен тер» трилогиясы. «Қан мен тер» - тарихи роман. Романдағы басты кейіпкерлер. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе. Жалқы, жалпы	3

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 7 беті

		есімдер. Жалқы есімдердің жазылуы. «Қан мен тер» романындағы жалқы есімдер.	
11	Адамзат тағдырының жыршысы. Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі	Әбдіжәміл Нұрпейісов - Адамзат тағдырының жыршысы. «Қан мен тер» шығармасының басты тақырыбы. Романда экологиялық проблеманың көтерілуі. Сын есім. Сын есімдердің сөйлемдегі қызметі. Адамды сипаттау, бейнелеу.	3
12	Ұлттық мерекелер. Айт қабыл болсын!	Ұлттық мерекелер. Еліміздегі діни мерекелер. Діни мерекелердің айырмашылықтары мен ұқсастықтары. Рождество мерекесі. Рамазан айы. Айт мерекесі. Айтта айтылатын тілектер. Көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдары.	3
13	Жүсіпбек Аймауытов «Әнші» әңгімесі. Тұрақты сөз тіркестері.	«Халық жауы» аталған қазақ қайраткерлері. Жүсіпбек Аймауытов – көрнекті жазушы, драматург. «Әнші» әңгімесі. «Әнші» әңгімесінің сюжеті. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе. Тұрақты сөз тіркестері. Тұрақты сөз тіркестерінің түрлері. Шығармада кездесетін тұрақты сөз тіркестері.	3
14	Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі. Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметі.	Сауда тарихы. Мал шаруашылығы. Екіжақты мәміле және делдалдық. Сауда мен байлықтың пайда болу себептері. Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы және сауда өркениеті. Еуропа мен Азия арасындағы сауда жолы - Ұлы Жібек жолы. Үстеу. Үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметі. Туынды үстеулер.	3
15	Қазақтың тұңғыш журналист қыздары. Монолог және диалог. Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті.	Баспасөз – өмір айнасы. Мерзімді басылымдар - бұқаралық ақпарат құралдары. «Айқап» журналы. Қазақтың тұңғыш журналист қыздары. Монолог және диалог. Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті. 1-15 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы жазбаша түрде алынады.	3
16	Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең, табылады?». Мақал – мәтелдер.	Қазақ балалар әдебиетінің атасы – Ыбырай Алтынсарин. Ыбырай Алтынсариннің Н.Ильминскийге хаты.	3

O'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 8 беті

		Бай болудың пайдасы мен зияны. Бай болудың шарттары. Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдер. Жанрлық және тілдік ерекшеліктері	
17	Қазақтың тұңғыш дикторы	Баспасөз – өмір айнасы. Мерзімді басылымдар - бұқаралық ақпарат құралдары. «Айқап» журналы. Қазақтың тұңғыш дикторлары туралы мәліметпен таныстыру	3
18	Жұмыссыздық және әлеуметтік теңсіздік.	Еңбек нарығындағы жұмыссыздық. Жұмыссыздықтың түрлері. Жұмыссыздық пен әлеуметтік теңсіздік. Жұмыссыздық мәселесін шешу жолдары. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі.	2
	Аралық бақылау №1	1-18 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы жазбаша түрде алынады.	1
19	Ұлықбек Есдәулет – ақын, қайраткер. «Қара пима» поэмасы.	Журналист, ҚР жазушылар Одағының төрағасы - Ұлықбек Есдәулет. «Қара пима» поэмасы. Шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе. Отбасы трагедиясы. Маскүнемдік. Тыйым сөздер мен мақал – мәтелдер.	3
20	Нашақорлық – қоғамдық дерт. Темекі тарту – зиянды әдет. Құрмалас сөйлемдер.	Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы. Салауатты өмір салтын ұстану. 26 маусым - Халықаралық нашақорлықпен күрес күні. Нашақорлық – есірткі пайдалануға құмарлық. «Біз есірткіге қарсымыз». Нашақорлық – қоғам дерті. Құрмалас сөйлемдер. Құрмалас сөйлемдердің түрлері. Құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары.	3
21	Саламатты өмір салтын ұстанамын. Денсаулықты сақтау өз қолымызда. Салалас құрмалас сөйлем.	Саламатты өмір салты. Гигиена – аурудың алдын алу. Жеке бастың гигиенасы. Денсаулықты нығайтудың шарттары. Дұрыс тамақтанудың пайдасы. Денсаулықты сақтау – өз қолыңда! «Шынықсаң – шымыр боласың». Спортпен айналысу – денсаулық кепілі. 7 сәуір – дүниежүзілік денсаулық күні.	3
22	Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» (әңгіме).	Бердібек Ыдырысұлы Соқпақбаев - қазақ балалар жазушысы. Шынықсаң –	3

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11 –72
Силлабус		16 беттің 9 беті

	Сабақтас құрмалас сөйлем.	шымыр боласың. Мұрат – қайсар, еңбекқор бала. Мұраттың жетістіктері. Құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдары, жазба жұмыстарында орынды қолдану.	
23	Ата Заң. Аралас құрмалас сөйлем.	Ақын Ермек Өтетілеуұлының еңбек жолы. «Ата заң» өлеңі. 30 тамыз – Ата заң күні. Заң адам құқығын қорғайды. Шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселе. Ата-бабамыз Тәуелсіздігімізді мұра еткен.	3
24	Табиғатты аяла. Туған өлкенің экологиясы.	Табиғи байлықтар. Адамзаттың табиғатқа тигізер әсері. Экологиялық ластану. Әр адамның табиғат алдындағы парызы.	3
25	Әлеуметтік мәселе туралы не білесің? Лексика-грамматикалық омонимдер	Әлеуметтану – жаңа ғылым саласы. Әлеуметтік мәселе туралы түсінік. Қазақстандағы әлеуметтік мәселелер. Қазақ тіліндегі омонимдердің мағыналары мен формаларына қарай жіктелуі. Лексика-грамматикалық омонимдер туралы түсінік.	3
26	Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.	Қазақ тілі – түркі тілдер ішіндегі ең таза, әуезді тіл. Қазақ тілі – стильдік тармақтары сараланған, әлеуеті өте жоғары тіл.	3
27	Шешендік сөз өнері.	Ақындық пен шешендік. Шешендік өнерге тән ерекшеліктер. Абайдың шешендік өнері.	3
28	Қазақ поэзиясының сұлу сарайы. Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы (үзінді)	Ілияс Жансүгіровтің өмірі мен шығармашылығы. Ілияс Жансүгіровтің Абай шығармашылығымен алғашқы танысуы. Ілияс Жансүгіровтің өнер тақырыбындағы алғашқы шығармасы – «Күй» поэмасы. Поэmanın сюжеті. Поэmanın кейіпкері – Мольқбай шал.	3
29	Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесі	Қысқа әңгіме жанрының іргетасын қалаушы – Ыбырай Алтынсариннің әдеби мұрасы. Ыбырай Алтынсарин «Атымтай Жомарт» әңгімесінің тақырыбы мен идеясы.	3
30	Атқа міну мәдениеті. Заманауи ат спорты	Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы. Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері. Әлемдегі және Қазақстанның кинематография саласында жарық көрген жылқы туралы үздік фильмдер. Ат спортының түрлері. Олимпиадалық ат спорты ойындары. Ұлттық ат спорт ойындары.	3

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 10 беті

31	Құсбегілік – ұлттық өнер.	Аңшылық-саятшылық өнер. Бүркітшілер мектебі.	3
32	Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» (хикаят)	Дүкенбай Досжан шығармашылығы. «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаятының сюжеті.	3
33	Қазақ театрының қайнары. Көсемше	Қазақ театрының тарихы. Көсемше. Көсемшенің жасалу жолдары. Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасы.	3
34	Ұлттық өнердің тарландары. Сәбит Оразбай «Өмірдің өзі – театр» (үзінді)	Қазақ театр және кино өнерінің тарландары. «Қыз Жібек» көркем фильмі. Өнер тарланы – Сәбит Оразбай шығармашылығы. Өнер адамдарының өмір жолы.	3
35	Қазақстандағы экотуризмнің дамуы. Ойталқы	Қазақстандағы экотуризм саласының дамуы. Экотуризмнің ерекшелігі. Экотуризм нысандары. Ойталқы.	3
36	Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы	Сәкен Сейфуллин өмірі мен шығармашылығы. «Көкшетау» поэмасы. Поэмадағы табиғат суреттері.	3
37	Ел болашағы. Шылаулар және мағыналық түрлері	Ел болашағы – жастар. Қоғам қайраткері Ғани Мұратбаевтың жастар туралы ойы. Шылау. Шылаулар және мағыналық түрлері.	3
38	Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1-кітап Қайтқанда	Мұхтар Әуезов өмірі мен шығармашылығы. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы көтерілген мәселелер. Ақынның туып-өскен ортасы мен тәлім-тәрбиесі, әдеби мектебі.	2
39	Отан қорғау – парызым. Үстеудің мағыналық түрлері.	Отан қорғау – ер азаматтың абзал парызы. Ұлттық қауіпсіздік қызметкері болу – мәртебе.	2
	Аралық бақылау №2	18-39 тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындау. Бақылау жұмысы жазбаша түрде алынады.	1
40	Бос уақытты жоспарлау. Уақыт – сыншы. Айқындауыш	Тайм-менеджмент – уақытыңды дұрыс жоспарлау өнері. Айқындауыш. Айқындауыш түрлері	3
	Пәннің жалпы сағат саны		120

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 11 беті

3.10. Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). – Шымкент, 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Доскеева, Б. Ж. Қазақ тілі: жоғары оқу орындарының 1 -курсина арналған: (Жалғастырушы топтар үшін) / Б. Ж. Доскеева. - Алматы : Ана тілі, 2000. - 191 бет
4. Абдрахманова Г.Х., Айтбаева М. Қазақ тілі оқу құралы, Алматы Эверо 2014 ж.
5. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Ақанова Д.Х., Алдашева А.М., Ахметжанова З.Қ., Қадашева Қ., Сүлейменова Э.Д. Ресми-іскери қазақ тілі. Оқулық кешені. Бірінші деңгей. Екінші деңгей. Үшінші деңгей. –Алматы, «Арман -ПВ», 2002ж.
2. Джумадилаева Г.Н. Қазақ тілі оқу әдістемелік құралы, Қарағанды Ақнұр 2016 ж.
3. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
4. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі /жалпы ред.басқ. Т. Жанұзақов. -Алматы:Дайк-Пресс, 2008.- 968 б.

3.11. Пәнді оқытудың түрлері/әдістері/технологиялары:

Теориялық сабақтар – ақпараттық, дәріс-презентация, блиц-сауалнама, әңгіме, ауызша сұрау, жұптасып жұмыс жасау, топтасып жұмыс жасау, тест тапсырмаларын шешу, тақырып сұрақтарын талқылау; шағын топпен жұмыс, пікірталас, бағыт беру, эссе жазу, мәтін құрастыру, презентация, кеспе қағаздарымен жұмыс, пікір талас.

3.12. Білімді бағалаудың критерийлері және ережелері:

Ағымдық бақылау: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.

Аралық бақылау: тестілеу сұрақ жауап 9 және 19 аптасында өткізіледі.

Қорытынды бақылау: «Прокторинг» платформасының қолданылуымен Платонус ААЖ-де тестілеу, ауызша емтихан. Білім алу нәтижелерінің суммарлық бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі. Емтиханға пәннің бағдарламасын толық меңгерген және үлгерім рейтингісін алған білім алушы ғана жіберіледі. Үлгерім рейтингтік бағасы мен емтиханның нәтижелерінің қосындысынан шығатын әр пән бойынша қорытынды баға анықталады, бұл жердегі 60% - жіберілу рейтингтік бағасы, 40% - емтихан нәтижесі болып табылады.

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдың сандық эквиваленті	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,00	95-100%	Өте жақсы
A-	3,67	90-94%	
B+	3,33	85-89%	Жақсы
B	3,00	80-84%	
B-	2,67	75-79%	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 12 беті

C+	2,33	70-74%	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69%	
C-	1,67	60-64%	
D+	1,33	55-59%	
D	1,00	50-54%	
F	0,00	0-49%	Қанағаттанарлықсыз

3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
БК1.1	Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдана алмайды; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алмайды.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды біледі; 2) тілді меңгерудің орта деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдана алмайды; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерін ескермей, осы деңгейге сәйкес	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде қолдануды меңгерген; 2) тілді деңгейіне арналған лексикалық тілдік бірліктерді коммуникативтік қатынастарда қолдануды біледі; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді ескере бермей, бірақ осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.	1) Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды жазу, сөйлеу әрекетінде сауатты қолдана алады; 2) тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік қатынастарда қолдана алады; 3) орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады.

OÑTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11 –72
Силлабус		16 беттің 13 беті

			сұхбатқа жартылай қатысады.		
БҚ1.2	<p>Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды.</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алмайды; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алмайды, оларды лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алмайды, оны дәлелдей алмайды.</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екендігін біледі; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады бірақ лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда толық жеткізе алмайды; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін е өздігінен баға бере алмайды, өз көзқарасын білдіре алады, бірақ дәлелдей алмайды.</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асырады лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда түсіндіре алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттерін өздігінен бағалай алады, өз көзқарасын айта алады.</p>	<p>1) Қазақ тіліндегі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылай алады; 2) өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін жүзеге асыра алады, оларды этикалық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады; 3) Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады.</p>
БҚ 2.1	<p>Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен</p>	<p>1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алмайды;</p>	<p>1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауды</p>	<p>1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай біледі; 2) Түрлі</p>	<p>1) Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады; 2) Түрлі</p>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 14 беті

3.1	<p>тиімді қарым-қатынасты көрсетеді</p> <p>Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады</p>	<p>2)Түрлі дереккөз-дерді пайдалана алмай, әңгімелескен адамды дәлелсіз сендіре алмайды.</p> <p>3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алмайды және прагматикалық талдау жасай алмайды.</p>	<p>және хабарлауды түсінеді;</p> <p>2)Түрлі дереккөз-дерді біледі, әңгімелескен адамға өз ойын жеткізеді;</p> <p>3) Сөйлеу барысында а сөйлеушінің мақсатын анықтай алады, бірақ прагматикалық талдау жасай алмайды</p>	<p>дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамдарға дәлелмен түсіндіре алады;</p> <p>3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын біледі және прагматикалық талдауды түсінеді.</p>	<p>дереккөз-дерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады;</p> <p>3) Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады.</p>
-----	---	---	---	--	---

Аралық бақылауды ауызша / жазбаша бағалау критерийлері

Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерийлері
Тестілеу (тест тапсырмасынан)	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын пән бойынша теориялық сұрақтың жауабын тақырыпқа қатысты түсініктерді анық және толық қарастыра алады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 86-100% береді.
	Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%) В- (2,67; 75-79%)	Білім алушы тест тапсырмаларын орындағанда мәліметтердің мағынасына мән бермей аздаған қате жіберіп орындаса қойылады.Тест бойынша дұрыс жауаптардың 75-85% береді.
	Қанағаттанарлық С+ (2,33; 70-74%) С (2,0; 65-69%) С- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Егер білім алушы жауап беру кезінде тапсырма түрлері бойынша жауаптардың дұрыс тұжырымдаманың толық болмауы, оқытушының көмегімен жіберілген қателіктерді түзете алса, өз пікірлерін көрсете алмайды.Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50-74% береді.
	Қанағаттанарлық	Егер білім алушы жауап беру кезінде

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11 –72
Силлабус		16 беттің 15 беті

	ҚСЫЗ F (0; 0-49%)	принципальды қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, тәжірибенің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, әррескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады. Тест бойынша дұрыс жауаптардың 50% кем береді.
Бақылау түрі	Бағасы	Бағалау критерийлері
Жазбаша (1 билет 3 сұрақтан тұрады)	Лексикалық тақырыптар бойынша бағалау	
	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 100-130 сөзден кем болмауы керек. Сұрақта берілген тапсырма анық тұжырымдалған. Тақырыпқа қатысты түсініктерді анық және толық қарастыра алса, мәтінді жан-жақты ойластырып, ұстанымын дәлелді қорғап жазса, мәтінге байланысты өзіндік пікірін дербес талдау жасап қорытынды жасай алса қойылады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 100-70 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсінігін қарастыра алса, мәтінді жан-жақты ойластырып, ұстанымын дәлелді қорғау кезінде ойын шашыранқы жеткізсе, грамматикалық қателіктер жіберсе, дәлелдерді нанымды түрде беремей алмаса қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 69-50 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жазса, бірақ мәтінді жан-жақты ойластырып, ұстанымын дәлелді қорғау кезінде ойын жеткізе алмаса, мәтінге байланысты өзіндік пікірін және сауатты құрай алмаса, көзқарасын нақты түрде бере алмаса қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 49-10 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жеткізіп, бірақ мәтін құрастыруда өзіндік пікірін, көзқарасын жазбай алмаса, мәтіннің мазмұны ашылмаса қойылады.
	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Грамматикалық тақырыптар бойынша бағалау Берілген грамматика ережесін анық жазса, мысалдарды жазу барысында орфографиялық ережелерді сақтаса, мысалдары ережеге сай, құрастырылған сөйлемдері мағыналы, 5 сөйлемнен кем болмаса, тыныс белгісін дұрыс қойса қойылады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Берілген грамматика ережесінің негізгі мағынасын жазса, мысалдарды жазу барысында орфографиялық қателер жіберіліп бірақ мысалдары ережеге сай құрастырылса, 5 сөйлемнен кем болмаса қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%)	Жауапта тапсырмадан түбегейлі ауытқулар кездесе, грамматика ережелерін толық жазбаса, мысалдарды жазу барысында орфографиялық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы		044-73/11 –72
Силлабус		16 беттің 16 беті

	С (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	қателерді көп жіберсе, мысалдары ережеге сай келіп, құрастырған сөйлемнің сөздері бір-бірімен үйлеспесе, сөйлемнен кем жазылса қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Қойылған тапсырмалардың негізгі бөлігін үсінбесе, қорытынды және жинақтай алмаса грамматика ережелерін қате жазса, мысалдарды жазу барысында өрескел қателіктер жіберілсе, құрастырылған сөйлемдері ережеге сай жазылмаса қойылады.
	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Мәтінді аудару бойынша бағалау Аудару кезінде мәтінді баяндап, жинақтап, қорытынды жасап шықса, стилистикалық қателіктерге қол берілмесе, мәтін көлемі мен сөйлемдер саны сол қалпында сақталып, талапқа сай аударылып берілсе қойылады.
	Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%)	Мәтінді аудару барысында өз ойын еркін жеткізсе, негізгі шешімдерді қабылдап, өз бетінше үйелей аударса, берілген мәтін көлемі мен сөйлемдер саны сол қалпында сақталмаса, мәтінде грамматикалық, стилистикалық қателіктер көп кездесе қойылады.
	Қанағаттанарлық C+ (2,33; 70-74%) C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	Аудару кезінде елеусіз қателіктер жіберіп, аударып берілсе, мәтін толығымен емес, мазмұны бір-бірі сөйлеммен ғана берілсе, грамматикалық, стилистикалық қателіктер көп кездесе қойылады.
	Қанағаттанарлықсыз F (0; 0-49%)	Тапсырманы орындау барысында жеке сөздерді, мүлдем игере алмаса, аударма басталып, аяқталмаса, тақырыпқа сай болмаса, аудару барысында өрескел қателіктерге жол берілсе қойылады.

Емтиханды бағалау критерийлері:

Емтихан 3 бөлімнен тұрады: ауызша және жазбаша. Ауызша бөлімі мәтінмен жұмыс. Жазбаша бөлім сұрақтар мен аударма жұмысынан тұрады. Барлық жазбаша тапсырмалар емтихан алушымен тексеріледі.

Емтихан нәтижелерін ауызша/ жазбаша бағалау критерийлері

Лексикалық тақырыптар бойынша бағалау критерийлері	
A (95-100%); A- (90-94%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 100-130 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсініктерді анық және толық қарастыра алса, мәтінді жан-жақты ойластырып, ұстанымын дәлелді қорғап жазса, мәтінге байланысты өзіндік пікірін, көзқарасын, сауатты жеткізе алса, дәлелдерді нанымды бере алса, әртүрлі көзқарасты салыстырып, өзіндік ой тұжырымын жаза алса қойылады.
B+ (85-89%); B (80-84%); B- (75-79%);	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 100-70 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсінігін қарастыра алса, мәтінді жан-жақты ойластырып, ұстанымын дәлелді қорғау кезінде ойын

O'NTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы	044-73/11 –72
Силлабус	16 беттің 17 беті

C+ (70-74%)	шашыранқы жеткізе, мәтінге байланысты өзіндік пікірін, көзқарасын, жеткізуде олқылықтар жіберсе, грамматикалық қателіктер жіберсе, дәлелдерді нанымды түрде бере алмаса қойылады.
C +(65-69%); C-(60-64%); D+ (55-59%) D (50-54%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 69-50 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жазса, бірақ мәтінді жан-жақты ойластырып, ұстанымын дәлелді қорғау кезінде ойын жеткізе алмаса, мәтінге байланысты өзіндік пікірін және сауатты құрай алмаса, көзқарасын шолу түрінде беріп, дәлелдерді нақты түрде бере алмаса қойылады.
F (0-49%)	Лексикалық тақырыптар бойынша мәтін құрастыру 49-10 сөзден кем болмауы керек. Тақырыпқа қатысты түсінігін қысқаша жеткізіп, бірақ мәтін құрастыруда өзіндік пікірін, көзқарасын жаза алмаса, мәтінге сөздерді қысқаша жазып, мәтіннің мазмұны ашылмаса қойылады.
Грамматикалық тақырыптар бойынша бағалау критерийлері	
A (95-100%); A- (90-94%)	Берілген грамматика ережесін анық жазса, мысалдарды жазу барысында орфографиялық ережелерді сақтаса, мысалдары ережеге сай келсе, құрастырылған сөйлемдері мағыналы болып, 5 сөйлемнен кем болмаса, тыныс белгілерін дұрыс қойса қойылады.
B+ (85-89%); B (80-84%); B- (75-79%); C+ (70-74%)	Берілген грамматика ережесінің негізгі мағынасын жазса, мысалдарды жазу барысында орфографиялық қателер жіберіліп бірақ мысалдары ережеге сай құрастырылса, 5 сөйлемнен кем болмаса қойылады.
C +(65-69%); C-(60-64%); D+ (55-59%) D (50-54%)	Грамматика ережелерін толық жазбаса, мысалдарды жазу барысында орфографиялық қателерді көп жіберсе, мысалдары ережеге сай келсе бірақ құрастырған сөйлемнің сөздері бір-бірімен үйлеспесе, 5 сөйлемнен кем жазылса қойылады.
F (0-49%)	Грамматика ережелерін қате жазса, мысалдарды жазу барысында өрескел қателіктер жіберілсе, құрастырылған сөйлемдері ережеге сай жазылмаса қойылады.
Мәтінді аудару бойынша бағалау критерийлері	
A (95-100%); A- (90-94%)	Мәтінді толығымен сөз құрамы мен мағынасын сақтап, стилистикалық қателіктерге жол берілмесе, мәтін көлемі мен сөйлемдер саны сол қалпында сақталып, көркемдегіш тәсілдер мен эпитет, теңеулер, төл сөздері, фразеологизмдер талапқа сай аударылып берілсе қойылады.
B+ (85-89%); B (80-84%); B- (75-79%); C+ (70-74%)	Мәтінді аудару барысында мағынасын толығымен жеткізе, көркемдегіш тәсілдер дұрыс аударылса, сөз құрамы мен мағынасы, алайда мәтін көлемі мен сөйлемдер саны сол қалпында сақталмаса, мәтінде грамматикалық, стилистикалық қателіктер көп кездесе қойылады.
C +(65-69%); C-(60-64%); D+ (55-59%) D (50-54%)	Аударма барысында мәтін толығымен емес, мазмұны бір-екі сөйлеммен ғана берілсе, грамматикалық, стилистикалық қателіктер көп кездесе қойылады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасы Силлабус	044-73/11 –72 16 беттің 18 беті

F (0-49%)	Аударма басталып, аяқталмаса, тақырыпқа сай болмаса, аудару барысында өрескел қателіктерге жол берілсе қойылады.